

Әдістемелік кеңестер

2022-2023 оқу жылы

30.08.2022.

Хаттама №1

«ГауһарТас» балабақшасында 30.08.2022.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Медбике- Айғабыл Г.

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстыру.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерімен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім,білік дағдыларын ,рухани –адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.Бала өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру.

Талқылау сұрақтары:

1.Мектепке дейінгі тәрбие негізінде жаңадан стандарт жасалды. Биылғы оқу жылының өзгешелігі туралы.

2.Баламен жұмыс жасаудағы педагогтың іс әрекетін дамыту үшін қажетті –заттық дамытушы орта талаптары туралы.№70 бұйрықтың жаңартылғандығы туралы.

3.2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар жасау №412 бұйрықтағы әрбір жас топтарының дағдылары негізінде жасалады.жоспарды жаңа міндеттерді таныстыру,бекіту және жаңа стандартқа сай өзгерістер енгізу толықтыру.

4.Циклограмма жасау туралы түсініктеме беру..

Тыңдалды:Сөйледі Меңгеруші Ж.Айтуған педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап табыс тіледі. Сонымен бірге алдағы жұмыс жоспарларға тоқталды.

Әдіскер Жубаева К оқу жылымен құттықтап табыс тіледі.

Биылғы оқу жылындағы өзгерістер туралы таныстырды.Перспективалық жоспар туралы № 412 бұйрықтағы , яғни бағдарлама негізінде әр айға сәйкес перспективалық жоспар жасалды.

Циклограмма толтыру тәрбиешінің шығармашылық құжаты, яғни әр тәрбиеші өзі балаға қалай қызықты іс әрекет өткізу туралы өзі міндеттерге қарай отырып циклограмма құрады. Барлық міндет бағдарламадағы міндеттерге сай жасалады. Тақырыптың болуы міндетті емес.

Тәрбиеші мына 3 құжатты дайындауы тиіс:

1.Перспективалық жоспар

2.Циклограмма

3.Балалардың дамуын айқындайтын мониторинг.

Мектепке дейінгі ұйымдағы бағдарламаға сай әр топтың міндеттерін тәрбиеші өзіне шығарып алу арқылы циклограмма құрастырып, көрнекіліктері мен ойындарын алдын ала дайындап алады.

Интеграция дегеніміз –кіріктірілген деген сөз.

Ашық сабақ деген биылғы оқу жылында болмайтындығы туралы, ашық есік күндерін жылына 1 рет қана ашық есік күндерін ұйымдастыруға болады. Оған арнайы дайындалудың қажеті жоқ. Сол күнге не жоспарланды, соны көрсетуге болады.

Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі ұйымдастырылған іс әрекет кестесі болмайды. Барлық іс-әрекеттер күнде өтіледі. Тек музыка мен дене шынықтыру ғана кестеге сай өтіледі,ол оқу жоспарында көрсетілген.

Бұрынғы білім саласы енді дағдыға ауыстырылды.Ұйымдастырылған оқу қызметі енді ұйымдастырылған іс әрекет деп өзгертілді.

Вариативтік компонент туралы стандарт негіз болады. Әр балабақша өзінің дамытушы орталықтарына сай үлгілік оқу бағдарламасы негізінде үлгілік оқу жоспарымен байланыстырып вариативтік компонент жасап, әдістемелік кабинетке көрсетіп бекіте отыра, пед кеңесте қарап бекітіп, жұмыс жасайды. Бұйрықпен бекітіледі.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.2022-2023 оқу жылында жылдық жоспар жаңа міндеттер және жаңа стандартқа сай өзгерістер енгізілсін.

2.Үлгілік оқу бағдарламасындағы әр жас топтарының міндеттері және стандартқа сәйкес перспективалық жоспар құрастыру және соған сәйкес циклограмма жазу.

5.Балабақшадағы тәрбие жұмыстарының жүргізілуі әдіскер К.Жубаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Айтуған Жазира.

Хатшы:

Утепова.Айшагүл

25.10.2022.

Хаттама №2

«ГауһарТас» балабақшасында 25.10.2022.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы туралы.(Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрі 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрыққа қосымша.)

Мақсаты:

Бағдарламаны мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Талқылау сұрақтары:

1.Мектепке дейінгі тәрбие негізінде жаңадан стандарт жасалды. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022ж 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022ж 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы.

Үлгілік оқу жоспары туралы.

Биылғы оқу жылының өзгешелігі туралы.

2.Баламен жұмыс жасаудағы педагогтың іс әрекетін дамыту үшін қажетті –заттық дамытушы орта талаптары туралы.№70 бұйрықтың жаңартылғандығы туралы.

3.2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар жасау №422 бұйрықтағы әрбір жас топтарының дағдылары негізінде жасалады.жоспарды жаңа міндеттерді таныстыру,бекіту және жаңа стандартқа сай өзгерістер енгізу толықтыру.

4.Перспективаға сәйкес циклограмма жазу туралы түсініктеме беру..

Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К биылғы оқу жылындағы өзгерістер туралы таныстырды.Перспективалық жоспар туралы № 422 бұйрықтағы , яғни бағдарлама негізінде әр айға сәйкес перспективалық жоспар жасалды.

Циклограмма толтыру тәрбиешінің негізгі құжаты, яғни әр тәрбиеші перспективалық жоспардағы міндеттерге қарай отырып циклограмма құрады. Барлық міндет бағдарламадағы міндеттерге сай жасалады. Тақырыптың болуы міндетті емес.

Тәрбиеші мына 3 құжатты дайындауы тиіс:

*Қазақстан Республикасының мектепке
дейінгі ұйымдардағы*

*2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелеу мен
білім беру процесін ұйымдастыру туралы
әдістемелік нұсқау хатын талдау туралы.*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №3

«ГауһарТас» балабақшасында 15.11.2022.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Ата аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлерін ұйымдастыру.

Мақсаты:

Балабақша мен ата-ана және тәрбиеші арасындағы үштік одақты қалыптастыру. Отбасында балаға ата-ананың арасындағы ықпалын арттыру.

Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіріп, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауға қызығушылықтарын дамыту. Отбасы-адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. «балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Тәрбиенің көзі ата бабадан қалған асыл сөз. Яғни, ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер. Бірінші тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы.

Тәрбиешілерге ата-аналармен жүргізілетін жұмыс барысында берілетін кеңес туралы айтып өтті. Олар ұжымдық, жекелік және көрнекі ақпараттық.

өтіледі. Тек музыка мен дене шынықтыру ғана кестеге сай өтіледі, ол оқу жоспарында

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.Ата-аналарға кеңес беру жұмыс формалары ата-аналармен бірлесе отырып жасау көзделсін.

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Жазира.

Хатшы:  Утепова Айшагуль

Баяндама

*Балабақшада ата-аналармен жұмыс
түрлерін ұйымдастырудың түрлері..*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №4

«ГауһарТас» балабақшасында 12.12.2022.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Балабақша топтарының ертеңгіліктерін заманауи тұрғыда ұйымдастыру..

Мақсаты:

Қыс мезгілінде болатын балалардың сүйікті мерекесімен таныстыру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Әр баланы мерекке қатысуын қадағалап, мерекені балалардың естерінде қалатындай етіп өткізу.

Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К Жаңа жылдық мерекенің балалар үшін өте көңілді ерекше қызықты екендігі туралы айтты. Себебі балалар аязатадан сыйлықтар алатын ең ерекше мереке. Бұл мерекеде балалар аяз атаға тақпақ айтып өз өнерлерін көрсетіп сыйлықтар алады. Мерекенің ұйымдастыру барысында жалпы қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.Жалпы жаңа жылдық кешті қауіпсіздікті сақтай отыра, балалар көңілінен шығатындай етіп өткізу.

Жиналыс төрайымы:

Айтуған Жазира.

Хатшы:

Утепова Айшагуль

Баяндама

*Мерекелік ертеңгілікке дайындық
және оны заманауи тұрғыда өткізу
жолдары*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №5

«ГайһарТас» балабақшасында 7.02.2023 ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: «Сюжеттік-рөлдік ойын-мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттердің алғашқы сатысы».

Мақсаты: Сюжеттік-рөлдік ойынның маңыздылығы туралы түсіндіру.

Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К балалар ойынының алғашқы формаларының бірі сюжеттік-рөлдік ойындар. Оларды өз мәнінде ойнату үшін алдын ала дайындық жұмысына көңіл бөліп, балалардың ой-өрісін, танымын кеңейтіп олардың іс-тәжірибелерін толықтырған жөн. Бұл ойындардың ерекшелігі сол оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Сюжеттік – рөлдік ойындарды өздігінен бірігіп 3-4 ойнайды.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.Күн режимінің екінші жартысында сюжеттік-рөлдік ойындарды балалардың қалауына сәйкес ойнату.Қажетті құралдарын жабдықтау.

Жиналыс төрайымы:

Айтуған Жазира.

Хатшы:

Утепова Айшагуль

Баяндама

*Мектеп жасына дейінгі балалардың
тұлғасын дамытуда сюжеттік-
рөлдік ойындардың рөлі..*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №6

«ГауһарТас» балабақшасында 20.01.2023.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жолдары.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстағы негізгі міндеттердің бірі дене тәрбиесін дұрыс жүргізу .


Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К мектепке дейінгі жастағы балалар дене тәрбиесінің басты міндеті өмір қорғау және денсаулық нығайту, балалардың организмін шынықтыру болып табылады. Жақсы денсаулық барлық органдармен организм жүйелерінің нормаға сай жұмыс істеуімен анықталады. Осыған байланысты сәби жастан бастап балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамыту.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.Күн тәртібіндегі дене жаттығуларын, таңғы жаттығуды, күндізгі ұйқыдан кейінгі дене жаттығуларын, сауықтыру шараларын дұрыс ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Жазира.

Хатшы:  Утепова Айшагуль

Баяндама

*Балабақшадағы дене шынықтыру-
сауықтыру, спорттық мерекелерді
ұйымдастырудың маңыздылығы.*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №7

«Гауһар Тас» балабақшасында 15.01.2023.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Бірінші күннің жартысындағы таза ауадағы серуеннің өтілу ерекшелігі.

Мақсаты: Қарапайым жағдайда организм шынықтыру. Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру, қимыл белсенділігін дамыту.


Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К серуен-мектепке дейінгі мекемедегі бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты-бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.Күнделікті күн режиміндегі серуеннің маңыздылығын ескере отыра, уақытылы күндізгі серуенге шығу. Күн режимінен ауытқымау, балалардың жас ерекшелігін ескеру. Бақылау, ойындар, еңбек әрекеті- осы серуеннің басты мақсаты екендігін есте сақтау.

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Жазира.

Хатшы:  Утепова Айшагуль

Баяндама

*Күннің бірінші жартысындағы таза
ауада серуеннің өтілу ерекшелігі*

2022-2023 оқу жылы.

Хаттама №8

«Гауһар Тас» балабақшасында 20.04.2023.ж күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар:10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Тақырыбы: Жаз айларындағы тәрбие жұмыстарын жоспарлау және өткізу жолдары.

Мақсаты: Жазғы сауықтыру шаралары – балабақшада балалардың денсаулығын нығайту, шығармашылық, сауықтыру, қарым-қатынас жасау, ойындар мен тәжірибелік, бірлескен еңбек әрекеттерін тиімді жоспарлай отырып, тәрбиеленушілердің қолайлы және қауіпсіз демалысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Әдіскер Жубаева К жазғы сауықтыру шаралары-мектепке дейінгі мекемеде жүргізілетін тиімді әрі өте маңызды жұмыстардың бірі. Оның негізгі мақсаты жаз маусымында балалардың уақытын қолайлы ұйымдастырып, олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ең бастысы әлеуметтік дағдыларын дамыту болып табылады.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді.

1.жазғы сауықтыру жұмысын жүйелі ұйымдастыру үшін педагогтер мен ата-аналардың өзара сабақтастығын сақтау. Соған сәйкес жазғы демалыс уақытын жоспарлау және өткізу барысын педагогтар жан-жақты ізденіп әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтарды басшылыққа алып алу қажет.

Жиналыс төрайымы:

Айтуған Жазира.

Хатшы:

Утепова Айшагуль

Баяндама

*Жаз айларындағы тәрбие
жұмыстарын жоспарлау және өткізу
жолдары*

2022-2023 оқу жылы.